

6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Султанова Жанагуль Сердалиевнаның «Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі» атты диссертациялық жұмысына

**Бейресми рецензенттің
ПІКІРІ**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарына) байланысы

Қазіргі заманғы театр өнеріндегі режиссерлік ізденістер қазіргі қазақ өнерінде қарастырылмаған тың мәселе. Ұлттық театрымыздың алғашқы негізін айқындау, қай кезеңнен бастау алатындығын дәлелдеу, оның құрылымы мен өзіндік қырларын, режиссерлік деңгейін саралау театр үшін аса қажет. Ресейлік театр мен қазақ театрының ара қатынасын байланыстыра қарастыра отырып, қазақ театрының өзіндік ерекшелігін ашу, ұлттық сипатын зерделеу тақырыптың өзектілігін айғақтайды. Осы тұрғыдан алғанда зерттеуші қазіргі заманғы театр өнеріндегі режиссерлік ізденістер тақырып аясында көп еңбек еткен, жаңа ғылыми зерттеушілік пайымдар жасаған.

Зерттеуші аталған тақырып аясында қазақ театрының қажеттілігі, оның қалыптасу және даму тарихын зерделеген, оның режиссерлік тұрғыдан көрінуін тек ғылыми жүйеде ғана емес, оқытудағы әдістемелік маңызына да айрықша мән береді.

2. «Философия докторы» ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған ғылыми жұмысқа қойылатын ғылыми квалификациялық талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

«Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі» атты диссертациялық жұмыстың негізгі ұстанымы қазіргі заманғы театр өнеріндегі режиссерлік ізденістер болғандықтан, аталған тақырыптың табиғатын ашу үшін алдымен оның жанрлық сипатына және театр өнерінің өзіне әр тарауда дәйектемелермен беруге тырысқан. Театр өнерінің шығу тарихына, даму ерекшеліктеріне еуропа ғалымдарының ғылыми тұжырымдарын дәлелдемелермен келтіре отырып, қазақ театртанушылары мен өнертанушылардың, авторлардың еңбектерімен салыстырып, М. Әуезов, Ә. Тәжібаев, Ә. Қоңыратбаев, С. Қабдиева, М. Жақсылықова, З. Исламбаеваның еңбектерін негізгі нысан етіп алған. Бұл еңбектердің қазақ театрына қосқан үлес-салмағы сараланған. Осы тұста аталған авторлардың еңбектерін талдау барысында көрнекті театртанушылар мен сыншылардың ой-пікірлерін үнемі назарда ұстаған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың шынайылық дәрежесін әрбір тараудағы зерттеудің ғылыми тұжырымдамаларымен және келтірілген сілтемелердің

растығымен дәлелденіп, сәйкестендіріледі. Ғылыми жұмыста қазіргі заманғы театр өнеріндегі режиссерлік ізденістердің зерттелуін нақты мысалдармен талдап, ғалымдардың ғылыми қағидаларын негізге алып және ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланып отырады.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесімен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Әрине, диссертациялық ғылыми жұмыстың негізгі жаңалығы – қазіргі заманғы театр өнеріндегі режиссерлік ізденістердің алғаш рет кең көлемде қарастырылуы. Қазақ театрының даму деңгейі, көркемдік ізденістер мен жетістіктері мәселесін ғылыми бағытта саралап, бұл мәселеге театрдың жаңаша бағытта келуі күллі көркемдік тұтастықты танытуда үлкен маңызға ие. Қазіргі заманғы театр өнеріндегі режиссерлік ізденістердің ерекшелігін ашу үшін жасалған маңызды ғылыми тұжырымдар – жұмыстың басты жаңалығы. Диссертант бұл тұста да өзіндік зерттеушілігімен әр тарауда нақты көрсете білген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық жұмыста ішкі бірлік сақталынған. Үш тараудан тұратын ғылыми жұмыстың тараулары «Еуропа және қазақ театрлары арасындағы қарым-қатынас генезисі», «Еуропа театр моделінің даму контекстіндегі қазақ сахна өнерінің өзіндік ерекшеліктері», «Заманауи режиссура – қазақ және еуропа театр өнерінің негізгі қарым-қатынас құралы» деп аталып, әр тарау бірнеше тараушаларға бөлінген. Ғылыми жүйе негізінде, бірінші қазақ театрының қалыптасуы, оның ерекшеліктері, қазақ тіліндегі қойылымдардың көрінісі және қазақ театрын оқыту әдістемесі де бірізділікті сақтаған. Ғылыми негіздеуге, тұжырымдауға ыңғайлы. Негізгі бағыт айқындалған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге міндетті болатындығы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары қазақ әдебиетінде жаңадан қалыптасып келе жатқан жаңалықтар арқылы зерттеулерді теориялық жағынан толықтыруға, жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Жұмысты студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына оқу-әдістемелік және зерттеу жұмыстары кезінде пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыста Қазақ театрының тарихы мен қалыптасу жолдары туралы дәрістерге де беретін көмегі көп. Оқыту мәселесі кең ауқымда, жан-жақты әрі терең талданып, қазақ театры көркемдік-ғылыми талдаулар арқылы зерттелінген. Зерттеу еңбегінің нәтижесінде шетелдік, республикалық басылымдарда мақалалары, баяндамалары жарыққа шыққан, еңбектері қойылатын талаптарға сай жазылған. Сондықтан да оны жоғары оқу орындарының театртанушы студенттеріне, магистранттарына оқу құралы етіп ұсынуға әбден болады.

8. Диссертацияның мазмұны мен жазылуы жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертацияның мазмұнында және жазылуына байланысты зерттеушіге төмендегі ескертпе-ұсыныстарды айтқымыз келеді:

1. Жұмыстың ғылыми жаңалығына ғылыми тұжырымдармен толықтырылса.

9. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Диссертация жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған. Ғылыми жұмыстың мәтін көлемі, шрифт өлшемдері және тағы да басқа техникалық талаптар да жұмыста сақталған. Диссертация толық аяқталған, қорғауға ұсынылсын.

Пікірімізді қорыта келгенде, ізденуші Ж.Султанованың бүгінгі күн талабына сай орындалған еңбегі «Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі» атты диссертациялық жұмысы үшін оған философия докторы (PhD) дәрежесін беру лайық деп есептейміз.

Рецензент:



Философия докторы (PhD)
Н.С. Балтабаева